

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
«Гимназия № 67» акимата города
Нур-Султан

БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 01 қыркүйек № 87

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

**2021-2022 оқу жылында
Ата-аналардан заңсыз ақша
жинауға тыйым салу туралы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдестерін жетілдіру мақсатында және Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы ММ-нің 29.08.2019ж. №512 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, оқу ісі орынбасарларына, тәрбие ісі орынбасарларына, шаруашылық ісі орынбасарларына:

1) Ата-аналардан сынып, мектеп тазалығын сақтауға және жөндеу жұмыстарына, құрал-жабдықтарды, жиһазды сатып алуға, мектеп аттестациясын өткізуге, педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізуге және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;

2) Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитеті мүшелері арасында мектептің, сыныптың қажеттілігі үшін заңсыз ақша жинау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және тәрбиешілерге қатаң шара қолданылсын;

**II. ОСЫ БҰЙРЫҚ ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА
ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУҒА ДЕЙІН ҚАТАҢ ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР
ҚОЛДАНЫЛСЫН.**

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы ММ-нің 29.08.2019ж. №512 бұйрығы.

Директор



Г.Абдраманова

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Ілияс Есенберлин атындағы
№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны

Государственное
коммунальное предприятие на
праве хозяйственного ведения
"Гимназия №67 имени Ильаса
Есенберлина"

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

08 желтоқсан 2021 жыл

№ 156

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес және Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы ММ-нің 24.11.2021ж. №764 бұйрығын орындау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, тәрбиешілерге, оқу ісі орынбасарларына, тәрбие ісі орынбасарына, әдіскерлерге, бейіндік ісі орынбасарына, шаруашылық ісі орынбасарына, шаруашылық меңгерушісіне:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, ұйымды аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2. Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитеті мүшелері арасында мектептің, сыныптың қажеттілігі үшін заңсыз ақша жинау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Жауаптылар: оқу ісінің орынбасарлары Г.Ережепова, А.Сармантаева, оқу әдіскері Г.Бектемирова, әдіскер Г.Жунусова, бейіндік ісі орынбасары О.Миркина, тәрбие ісінің орынбасары Г.Оналбаева, тәрбие әдіскері А.Рахметуллин, шаруашылық ісі орынбасары А.Амиргалиев;

3. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және тәрбиешілерге қатаң шара қолданылсын;

**4 ОСЫ БҰЙРЫҚ ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА
ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУҒА ДЕЙІН ҚАТАҢ ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР
ҚОЛДАНЫЛСЫН.**

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы ММ-нің 24.11.2021ж. №764 бұйрығы.

Директор



Г.Абдраманова